

"Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің "Қалижан" шаруа қожалығындағы шектеу іс-шараларын алып тастау туралы"

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 16 тамыздағы № 2 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 212 ұсынысы негізінде Қарабас ауылдық округінің әкімі

ШЕШТІ:

1. Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округінің "Қалижан" шаруа қожалығында шектеу іс-шаралары ауыл шаруашылық малдар арасында бруцеллез ошағын жою мақсатындағы малдәрігерлік шұғыл жоспар көлемі толығымен орындалуына байланысты алынып тасталсын.

2. 2016 жылдың 5 мамырдағы № 1 Қарабас ауылдық округі әкімінің "Бесқарағай ауданы Қарабас ауылдық округі Қарабас ауылында және "Қалижан" шаруа қожалығында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімі (2016 жылдың 11 маусымында аудандық "Бесқарағай тынысы" газетінің № 49 санында жарияланған, нормативтік құқықтық актілер реестрінде 1 мамыр 2016 жылы тіркелген № 4555) "Қалижан" шаруа қожалығында шектеу іс-шаралары деген бөлігі күшін жойды деп саналсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Қарабас ауылдық
округінің әкімі*

О. Болысбеков